***Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі***

***«Қазына» бөбекжайы***

***«Жұлдызша» мектепалды даярлық тобы***

***Бекітемін***

***«Қазына» бөбекжайы***

***меңгерушісі***

***Э.А.Бегалиева___________***

# *Ертеңгілік*

**Тақырыбы:**

## «Туған өлкеде- Наурыз!»



***Музыкант: Ақжолова Ұ.***

***2022 -2023 оқу жылы***

## Туған өлкеде-Наурыз!

**Жүргізуші:** Наурыз мейрам жүректерге нұр сепкен,
Маңдайымнан сүйіп жатыр нұр көктем.
Жарығыңмен,шуағыңмен Күн-Ана
Алып келдің жер бетіне гүл көктем.

Сәлеметсіздерме құрметті қонақтар! Бүгінгі «Туған өлкеде-Наурыз» атты мерекелік ертеңгілікке қош келдіңіздер. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын. Әрбір шаңыраққа құт-береке, молшылық алып келсін. Еңбектеріңіз өнімді болып,тілектеріңіз қабыл болсын. Алғашқы құттықтау сөзін балабақшамыздың меңгерушісі Эльвира Әбдуәліқызына береміз.

**Жүргізуші:** Алқа жұртым,той думан
Ортамызды ашайық
Ән мен күйді төгіп біз,
Інжу-маржан шашайық!

Балалардың орындауында.
**Ән: «Көктем келді»**

Кезекте балаларымыздың наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын қарсы алыңыздар.

**Жандәулет:** Ата-бабам тойлаған
Наурызым,армысың!
Қызығына тоймаған
Дархан дала,қарлы шың.

**Мариям:** Күнтізбенің парағын
Бүгін аңдып қарадым
Мерекелі күн кепті.
Жатпаймын мен бұл бетті.

**Мерей:** Әже көже қайнатты
Үлкен қара қазанға
Әр түрлі дән салып

Дәмін тәтті байқапты.

**Ағзам:** Наурыз тойы елдің тойы

Көктем тойы төлдің тойы

Ән айтатын күні бойы

Жақсы көрем наурыз тойын.

**Жүргізуші:** Қонақтарымыз ағылсын,

Ортамыздан табылсын.

Барлық тілек құдайдың

Құлағына шалынсын!-деп кезекті қыздарымыздың
**«Кесе»** биін қарсы алыңыздар.

**Жүргізуші:** Наурыз шаттық әніміз.

Салтанатты сәнәміз,

Ән салып жас-кәріміз,

Ән салайық бәріміз.

Балаларымыздың орындауында.
**Ән: «Көктем-Наурыз»**

**Жүргізуші:** «Қарлығаш» ересек тобының тәрбиеленушісі Хадишаның орындауында.
**Жеке би: «Өзбек халық» биі.**

**Жүргізуші:** Балаларымыздың наурыз мерекесіне арналған тақпақтарын қарсы алыңыздар.

**Исламхан:** Наурыз тойы тамаша

Наурыз тойы жаңаша

Табиғатта тамаша

Тамылжып тұр жараса.

**Бекнұр:** Наурыз тойы әдемі

Әжем еске түсіреді

Біздерге арнап әдемі

Наурыз көже пісіреді.

**Самир:** Қарда еріп жылғасы

Наурыз келді-жыл басы.

Шуақ төкті жарқын күн,

Мейрамында халықтың.

**Сабира:** Көктем келді су ақты,

Күннің көзі шуақты.

Көктем келді гүл өсті.

**Жүргізуші:** Қазақстанның жігіттері әр бөлек

Қазағымның жігіттері ер жүрек

Қазақстанның жігіттері Алпамыстай айбарлы,

Жаудың бетін бір сөзбен ақ қонысына қайтарды.

**Ұлдар биі: «Батырлар»**

**Салт-дәстүр: «Тұсау Кесер».**

Біз қазақ халқы әулет дәстүрін қастерлеп,дәстүрін мұраларды насихаттап жүрген халықпыз.

Дәстүрдің озығы бар,жазығы бар,
Өткеннен бізге жеткен асылы бар.
Сәбидің кейбір кезін қызықтайтын,
Қазақта «Тұсау кесер» рәсімі бар.

Бүгінгі күні «Ботақан» кіші тобының тәрбиеленушісі Жарқынбек Нұрәлімнің «Тұсау кесер» тойын Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен тұтастырып,қалың жұрттан бата алу мақсатында «Тұсау кесер» тойын өткізбекші.

Әдіскер:




*«Туған өлкеде-Наурыз!» атты іс-шарада*

